

Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы АҚПАРАТ

Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіподағының (әрі қарай қалалық кәсіподақ) қызметінде жарғылық мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы жұмыстың тиімділігін арттыруда, кәсіподақ құрылымының бірлігін нығайтуда өзіндік ролі бар ең маңызды бағыттарының бірі - ақпараттық жұмыс.

Қалалық кәсіподақтың тыныс-тіршілігі Кәсіподақ Федерациясының «Қазақстан Кәсіподағы» республикалық кәсіподақ газетінде тұрақты түрде жариялануда, сонымен қатар салалық кәсіподақтың ресми сайтында, қалалық кәсіподақ сайты мен Facebook әлеуметтік желісіне де салынып отыр.

Қалалық кәсіподақта ақпараттық-насихаттау жұмысы ұйымдастыру мәселелері бойынша бас маманға жүктелген.

Президиум отырысында қарау.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының ақпараттары мен есептері Президиумның әр отырысында тыңдалады. Президиум шешімі бойынша тәжірибені кеңінен тарату мақсатында барлық ұйымдар бойынша ең үздік жұмыс тәжірибесі қорытындыланады. Сондай-ақ, ақпараттық жұмысты ұйымдастыру мен жақсарту мәселелері Президиумның отырыстарында (07.11.2021 ж., 03.10.2022 ж.) тұрақты түрде талқылануда.

Мысалы, кейбір білім беру ұйымдарының ресми сайттарында бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы бөлім бар.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ақпараттық стендтер орналастырылған. Оларда кәсіподақ ұйымдары, Ереже, Жарғы, жұмыс жоспары, Салалық келісім, ұжымдық шарттар туралы ақпараттар жасақталып, ілінген. Кәсіподақ мүшелеріне қолжетімді және ыңғайлы болу үшін мәтіндерге QR-код арқылы да қол жеткізуге болады. Бұл тәжірибе барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарына таратылып енгізілді.

Қалалық кәсіподақтың ресми сайтының жұмысы.

Кәсіподақтың қызметі туралы кәсіподақ мүшелерін жедел ақпараттандыру жүзеге асырылуда. Қалалық кәсіподақтың (<https://profadilet.kz/>) сайты белсенді қолданыста.

Сайтта кәсіподақтың қызметі туралы материалдар (2021 ж. - 46, 2022 ж. – 48, 2023 ж. - 33), кәсіподақ ұйымдарының жұмысында қажетті құжаттар мен әдістемелік нұсқамалар дереу орналастырылады.

Сондай-ақ, білім беру саласындағы заңнамалық құқықтық актілер орналастырылуда.

Қалалық кәсіподақтың сайтында сұрақ-жауап рубрикасы бар. Ол жерде әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысты маңызды сұрақ-жауаптар жариялануда.

Facebook и Instagram әлеуметтік желілеріндегі жұмыс.

2 200 желі қолданушылары бар
Facebook(<https://www.facebook.com/profobrNS>) және Instagram

(https://www.instagram.com/profsouz_astana/) әлеуметтік желілерінде белгілі бір ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. Қалалық кәсіподақ ұйымының төрағасы жеке әлеуметтік парақшасын (2 мың жазылушы) жүргізеді, бұл қалалық кәсіподақтың жұмысына деген жоғарғы қызығушылықты көрсетеді.

Facebook (2021 ж. - 46, 2022 ж. – 48, 2023 ж. - 33) және Instagram әлеуметтік желілерінің парақшаларында кәсіподақ қызметі туралы материалдар орналыстырылып отырады.

Кәсіподақ жұмысы туралы сөз сөйлеулер.

Ақпараттандыру жұмысының мақсаттарына қол жеткізу мақсатында кәсіподақ қозғалысының өзекті мәселелері бойынша республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының бағдарламаларына қатысу тәжірибесі жолға қойылған.

Қалалық кәсіподақ ұйымының төрағасы кәсіподақ жұмысы, білім беру қызметкерлерінің құқықтарын қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бойынша республикалық телеканалдарда сөз сөйлеп, газеттерде мақалаларын жариялауда.

«**Bilimdi el**» республикалық газетінің YouTube каналында 2023 жылдың 26 қаңтарында қалалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Алиев сұхбат (<https://www.youtube.com/watch?v=DOYUU8-ESJA>) берді.

2023 жылдың 31 қаңтарында төраға Б. Алиев «Хабар 24» республикалық телеканалының «Шынайы еңбек қатынастары» сұрағы талқыланған «Күн тәртібі» бағдарламасына (<https://www.youtube.com/watch?v=2xqrLYOXjEY>) қатысты.

2023 жылдың 1 ақпанында **Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясының** YouTube каналының «Ой түйін» рубрикасына қалалық кәсіподақ ұйымында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды (<https://www.youtube.com/watch?v=-j8tI2OJarI>).

2023 жылдың 23 ақпанында «**Nursultan Qurman**» YouTube каналына (https://www.youtube.com/watch?v=qcRa9Ke_xXs) қалалық кәсіподақтың статусы туралы ақпарат ұсынылды.

2023 жылдың 6 наурызында **Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясының** YouTube каналының «Приоритеты» рубрикасына қалалық кәсіподақ ұйымы мүшелерінің құқығын қорғау туралы ақпарат ұсынылды (<https://www.youtube.com/watch?v=5Hbln8j158c>).

«Қазақстан Кәсіподағы» газетіне жазылу.

Қалалық кәсіподақ ұйымдарының қызметі «Қазақстан кәсіподақтары» газетінде тұрақты түрде жариялануда. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен «Қазақстан Кәсіподағы» республикалық кәсіподақ газетіне жазылу науқанына көңіл бөлінуде. Жыл сайын бастауыш кәсіподақ ұйымдары аталған газетті жаздырып алуда. Бұрын осы газеттің 200- ден аса данасына жазылатын. 2023 жылы қаржылық қиындықтарға байланысты тек қалалық кәсіподақ есебінен 50 дана газетке жазылды.

Ақпараттық жұмыстар бағытында тәжірибемізге кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау сұрақтар бойынша онлайн-конференциялар, әр түрлі тақырыпты қамтитын вебинарлар өткізу енгізілді.

Білім беру ұйымдарының ұжымдарымен қалалық кәсіподақ ұйымының барлық бағыттары жөнінде ақпараттандыратын кездесулер тұрақты түрде өткізілуде. ZOOM платформасы арқылы (2021 ж. - 13, 2022 ж. - 18, 2023 ж. - 14) бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағаларымен ақпараттық жұмыстың маңыздылығы және басқа да бағыттары жөніндегі сұрақтар талқыланатын онлайн форматында кездесулер өткізілуде. ZOOM платформасына жыл сайынғы жазылым бар. 2021 жылы әр түрлі бағыттағы семинарларда 967 адам оқыса, 2022 жылы -10 256 адам, 2023 жылы – 6 500 адам оқудан өтті.

Дегенмен, барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының негізгі лауазымдарынан босатылмауына орай, бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ақпараттандыру жұмысы бағытында кемшіліктер орын алуда.

Ақпараттық материалдар.

Кәсіподақ активіне көмек ретінде нормативтік актілер мен нұсқаулар Жинағы, Астана қаласының білім беру басқармасы мен білім беру қызметкерлерінің қалалық кәсіподақ ұйымы арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік келісім, Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының Ережесі, Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіподағының бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмысы туралы Жинақ, т.б. сынды ақпараттық материалдар шығарылды.

Қалалық кәсіподақ ұйымы алдында төмендегі жұмыстар бағыттарына жету үшін көзқарасты түбегейлі өзгерту шешімдері тұр:

- бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас саласында қалалық кәсіподақ ұйымының қызметін жетілдіру;

- кері байланысты қамтамасыз ету арқылы кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру жүйесін дамыту;

- кәсіподақ мүшелерімен онлайн режимінде тұрақты байланыс (белсенділікті бақылау, сауалнамалар, форумдар, т.б.);

- қалалық кәсіподақ ұйымының оң имиджін нығайту бойынша жұмыстарды және жаңа PR технологияларды, әлеуметтік желілерді, интернет-форумдарды, интернет желісіндегі басқа да алаңдарды ұлғайту жолымен кәсіподақ мүшелігіне тартуды күшейту бағытындағы жұмыстарды жандандыру.

Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты түрде әрі қарай жалғастырылады.

Төраға

Б. Әлиев